

СБОРНИК СТАТЕЙ

**Международной научно-практической
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,
посвященной 25-летию со дня основания
Евразийского национального университета
имени Л.Н. Гумилёва**

25-26 февраля 2021 года



г. Нур-Султан, 2021



СБОРНИК СТАТЕЙ
Международной научно-практической
конференции молодых ученых
«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ
XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

25-26 февраля 2021 года

г. Нур-Султан, 2021

УДК 80/81

ББК 81.2

Н90

Рецензенты: И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали

Члены редколлегии: д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

Н-90 «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

IBSN 978-601-337-505-2

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

IBSN 978-601-337-505-2

УДК 80/81

ББК 81.2

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

8. Ожегов С.И. Словарь русского языка. 70000 слов / Под. ред. чл.- кор. АН СССР Н.Ю. Шведовой. 23-е изд. - М., 1991.
9. Шукшин. В. Рассказы. М., Детская лит. 1980. – с. 257.

***Аннотация.** В статье дается описание грамматических и синтаксических средств, используемых русским писателем В. Шукшиным в рассказе «Сапожки» для выражения чувств между героями. Концепт «любовь» имеет свое грамматическое воплощение через простой тип предложения, что объясняется деревенским происхождением героев и отражением деревенского образа жизни. Особая выразительность и тонкое проявление любви в деревенской семье отражено характерными для деревенского жителя оборотами речи и своеобразным описанием авторской речи.*

***Ключевые слова:** концепт, морфология, синтаксис, простое предложение, изъявительный глагол, конкретное существительное.*

GRAMMATIC TOOLS UPDATE OF THE CONCEPT "LOVE" IN THE STORY OF V.M. SHUKSHINA "BOOTS"

Beilova L.,
1st year student of L.N. Gumilyov ENU
Nur-Sultan, Kazakhstan
Scientific adviser - Mukazhanova L.G.,
Ph.D., prof.

***Abstract:** The article describes the grammatical and syntactic means used by the Russian writer V. Shukshin in the story "Boots" to express feelings between the characters. The concept of "love" has its grammatical embodiment through a simple type of sentence, which is explained by the village origin of the characters and the reflection of the village style of life. The special expressiveness and subtle manifestation of love in a village family is reflected in the turnovers of speech characteristic of a villager and in a unique description of the author's speech.*

***Key words:** concept, morphology, syntax, simple sentence, indicative verb, concrete noun.*

"ГАЛАКТИКА САҚШЫЛАРЫ 2" ФИЛЬМІНДЕГІ «ӘЗІЛ» КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Жакен К.Е.**
1 курс магистранті “7M02302 – Переводческое дело”,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
zhakenova.98@bk.ru
Ғылыми жетекшесі - Муратова Г.А.
ф.ғ.д., профессор
nursaule 58@mail.ru*

Киноаудармадағы күлкіні жеткізу туралы мәселе аударма теориясы үшін қызығушылық тудырады. Зерттеушілердің алдында тұрған міндет – күлкі табиғатын жеткізу қаншалықты мүмкін екенін және мұндай трансляцияның нәтижесін жақсы аударма деп санауға болатындығын анықтау.[1] Әр халықтың мәдени бейнесіндегі әзіл белгілі бір білімді құрайды, сондықтан бір мәдениет үшін күлкі ұялатса, екіншісінің болмысында күлкі тудырмауы мүмкін. Өзінің

ерекшелігіне байланысты ағылшын әзілі әрдайым отандық және шетелдік лингвисттердің назарын аударып келеді.[2] Зерттеу жұмысы "Галактика сақшылары 2" фильмінің негізінде ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған әзіл-оспақты жеткізу тәсілдерін зерттеуге және сипаттауға арналған. Зерттеудің мақсаты – "Галактика сақшылары 2" фильмінің ағылшын тілінен қазақ тіліне аударғанда әзіл-оспақты жеткізудің лингвомәдени ерекшелігін қарастыру.

В.И.Даль сөздігінде әзіл-оспақ – "салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың оғаштығын қатаң, бірақ залалсыз әшкерелеуін байқай алатын көңілді, өткір, күлкілі ақыл-ой жүйесі".[3] Зерттеушілер әзілдің бірнеше түрлерін көрсетеді: Әзіл – фраза немесе әзіл-оспақ мазмұндағы шағын мәтін; анекдот – фольклорлық жанр, әдетте ауызша айтылатын қысқа күлкілі әңгіме; сатира – әр түрлі күлкілі әдістер (сарказм, ирония, гипербола және басқалар) арқылы құбылыстардың поэтикалық кемсітетін кейпін білдіретін өнердегі күлкілі көрініс; ирония – шынайы мағынасы жасырын немесе айқын мағынаға қарама-қайшы келетін сатиралық әдіс; пародия – оқырманның белгілі бір туындының ерекшеліктерін арнайы өзгертілген түрде қайталауына байланысты күлкілі әсер етуді мақсат ететін өнер туындысы; бұрып сөйлеу – бір мәнмәтінде дыбысталуы бірдей бір сөздің не болмаса әр түрлі сөздердің немесе сөз тіркестерінің әртүрлі мағыналарын қолданатын әдеби әдіс. [4] Әзілді психологтардың жіктеуі:

- Жағдайға деген әзіл: күлкілі жағдай;
- Өзіне деген әзіл: өзін-өзі күлкіге айналдыру. Барлығы құптайды. Жалғыз қауіп – мұнымен мәртебені жоғалтып алуға болады.
- Бізге деген әзіл: өзгелерді күлкіге айналдыру. Әдетте жақсы әзіл, бірақ кейбір жоғары басшылар бұл әзілді түсінбейді.
- Серіктеске деген әзіл: өзгені күлкіге айналдыру. Мұндай әзіл қауіпті және әдетте күшті жалжал туғызушы болып табылады.

Әзілдің ерекше түрі – кара әзіл. Ол – кара жүзділікпен араласқан әзіл, оның күлкілі әсері өлімге, зорлық-зомбылыққа, ауруларға, физикалық деформацияларға немесе басқа да "қайғылы" тақырыптарға келемеждеуден тұрады. [5] "Әзіл" жалпыадамзаттық қана емес, сонымен бірге терең ұлттық ұғым. Американдық әзіл-оспақ әр түрлілігімен ерекшеленеді. Себебі, Америкада сондағы әртүрлі ұлт өкілдерінің әзіл элементтері жиналған. Америка мәдениетінде кара әзілге, ерсі сөздерге толы дауыстап ашық күлу басым. Қазақстан кино өнерінде әзіл жаңадан дамып келе жатқан бағыт.

«Галактика сақшылары 2» «Болашақ» корпоративтік қорына қарасты «Өзіңнен баста» жобасы негізінде қазақ тіліне аударылған 19-шы америкалық кинокартина. Ш. Ордабаев фильмнің Астанадағы тұсаукесерінде аталмыш фильмде батыстық көрерменге тән әзілдер басым екендігін айтты. Сонымен қоса көрерменді күлдірту мақсатында шетелдік фильмдерде бейәдеп сөздердің жиі қолданылатынына назар аударады. Режиссер қазақ тілінің, әсіресе, өнерде әдеби болуына байланысты балағат сөздерді аудару барысында біршама қиындық туғанын хабарлады. Ш. Ордабаев қиындықтарға қарамастан ұжымның редакторлармен, әдебиетшілермен, сыншылармен келісе отырып, кейбір тұста

Ғабит Мүсірепов пен Мұхтар Әуезов қолданған қазақтың әдеби лексикасын пайдаланып, осындай нәтижеге қол жеткізгенін жариялады.

«Галактика сақшылары 2» – комедия, қиял-ғажайып, атыс-шабыс жанрындағы отбасылық фильм. Фильмнің басты кейіпкерлері – Питер Квилл (Жұлдызды лорд), сабырлы ойраншы Дракс, жасыл түсті қарақшы Гамора, сөйлей алатын жанат Рокет пен ағаш-адам Грут секілді ерекше кейіпкерлерден құралған жасақ. Фильм басынан аяғына дейін әзілге толы. Мысалы:

Tүннұсқа:

R: Ha-ha-ha! I'm sorry. Your name is... it's Taserface?

T: That's right.

R: Do you shoot tasers out of your face?

T: It's metaphorical!

R: For what?

T: For it is a name what strikes fear... into the hearts of anyone what hears it. What?

R: Ha-ha-ha! I'm sorry. I am so sorry! I just keep imagining you waking up in the morning, sir... looking in the mirror and then in all seriousness saying to yourself.. (in another voice)"You know what would be a really kick-ass name? "Taserface!" ha-ha-ha

Everyone: Ha-ha-ha! (barely holding back from laughter)

R: That's how I hear you in my head! What was your second choice? Scrotum Hat?

Everyone: Ha-ha-ha! (laugh in full) [6]

Аударма:

P: Ха-ха-ха! Кешір, кешір! Сонда сенің есімін Найзабет пе?

Найзабет: Дәл солай.

P: Сонда сен бетіңмен найза атасың ба?

H: Бұл метафора!

P: Қандай?

H: Бұл есімді естіген адамның жүрегіне бірден қорқыныш ұялайды. Не болды?

P: Ха-ха-ха (күліп) Аааа, кешір. Сен мені кешір! Мен жай ғана көзіме елестеткенім ғой: сен таңертен төсектен тұрып, айнаға қарап өзіне: (басқа дауыспен) «Ең тамаша есім қайсысы екенін білесің бе? "Най-за-бет!"»- дейсің. Ха-ха-ха

Барлығы: Ха-ха-ха (күле алмай өздерін әрең ұстап тұр)

P: Мен сені солай естіп тұрмын. Сен сонда... Тағы не деуге болады? Тесікбас!

Барлығы : Ха-ха-ха (қарқылдап күледі)

[7]

Берілген үзіндіде серіктеске деген пародия қосылған қара әзіл орын алды. Ұсынылған фрагментте Рокет атты жанат өзін тұтқында ұстап отырған Найзабет атты қарақшының есімін естігенде оны келемеждеп, күлкіге айналдырады. Аудармадағы Рокеттің бірінші сөзінде «кешір» және «сонда» сөздері қосылған, яғни, лексикалық қосылу әдісі қолданылған. Ал «Taserface», екі түбірден құрылған антропоним, қарақшының бейнесін ашу үшін қазақ тіліне жартылай калькалау әдісінің көмегімен «Найзабет» деп тәржімеленді. «Taserface» сөзінің этимологиясына тоқталсақ, алғаш рет аталмыш антропоним 1990 жылы жарық көрген Джим Валентино жазған және суретін салған «Галактика сақшылары» атты комиксте кездеседі. Д. Валентиноның ұлы Аарон Валентино 5 жасында осы есімді ойлап тапқан. Ойдан шығарылған кейіпкердің есімінің қазақ тілінде тура баламасы жоқ. Аударманың барабарлығы толық жеткізілмеген, себебі «Taser» лексемасы орыс тіліндегі «шокер» мағынасын беретіндіктен, қазақ тіліндегі «найза»

лексемасы сәйкес келмейді. Қазақ тілінде тек «электршокер» лексемасының «электр есенгіреткіш» атты аудармасы бар. Бірақ, «Найзабет» антропонимын «Есенгіреткіш бет» деп аударсақ, прагматикадан алыстаушылық болады. Сондықтан «Найзабет» антропонимы прагматикасы жағынан дұрыс жеткізілген. Аударма кезінде «*metaphorical*» үстеуі «метафора» болып субстантивтенген. Сәйкесінше, «*For what?*» сұрағы «не үшін?» емес, «қандай?» сұрағына айналды. «*For it is a name what strikes fear... into the hearts of anyone what hears it.*» сөйлемінің прагматикасы қазақ тіліне дұрыс жеткізілді. Алайда, «*anyone what hears*» сөз тіркесіндегі «*what*» есімдігі жансыз зат есімдермен қолданылатындықтан, бұл жерде орынсыз. Оның орнына «*who*» есімдігін қолданса, сөйлем мағынасына қарай дұрыс құрылады деп пайымдаймын. Аударма тілінде түпнұсқа тіліндегі «*sir*» және «*in all seriousness*» сөздері түсіріп тастау, жалпылау әдістері арқылы аударылмаған. «*Scrotum hat*» балағат сөзін қазақ тілінің әдеби нормаларына келтіріп, «тесікбас» деген сөзбен алмастырған.

Түпнұсқа:

Peter: You look like Mary Poppins.

Yondu: Is he cool?

Peter: Hell yeah, he's cool.

Yondu: I'm Mary Poppins, y'all! [6]

Аударма:

Питер: Мэри Поппинске ұқсап қалдың.

Йонду: Мықты жігіт пе?

Питер: Иә, ол мықты.

Йонду: Мен Мэри Поппинспін! [7]

Келесі бөлікте Питер атты басты кейіпкерді өсірген, оған әкесіндей жақын адамы Йондудың аспаннан өзінің басқарылатын жебесінің көмегімен түсіп бара жатқандағы диалог көрсетілген. Келтірілген мысал да серіктеске деген әзіл, ирония болып табылады. Себебі, Питер мейірімділікпен келемеждеп тұр. Сол сәтте Питер Йондуға оның атақты сиқырлы күтуші Мэри Поппинске ұқсап тұрғанын айтады. Әзіл ер адамның өзін әйел адаммен теңестіруінен анықталады. «*You look like Mary Poppins*» сөйлеміндегі «*You*» есімдігі жалпылау, түсіріп тастау әдістері арқылы аударылмады. Сонымен қатар, «*Mary Poppins*» есімінің аудармасында транслитерация әдісін пайдаланғаны байқалады. Мэри Поппинс – ағылшын балалар жазушысы Памела Трэверстың ертегілік хикаяттарының кейіпкері, сиқырлы күтуші. «*Cool*» сөзі ағылшын тілінде бірнеше мағынаға ие болғандықтан, бұл диалогта қазақ тілінде дұрыс баламасы жоқ. Бұл жерде дифференциация әдісі қолданылған. Түпнұсқадағы «*he*» есімдігі аудармада «жігіт» зат есіміне субстантивтенді. Демек, грамматикалық трансформацияның ішіндегі сөз табының алмастырылуы пайдаланылды. Ал, Питердің екінші сөзіндегі «*Hell yeah*» сөзбе-сөз «Сайтан алғыр» деп аударылатын бейәдеп сөз. Сол себепті түсіріп тастау әдісі арқылы көрерменге жеткізілмеді. Соңғы «*y'all*» сөзі «*you*» және «*all*» есімдіктерінің қосындысы ретінде «сіздер» немесе «сендер» деген мағынаны береді. Алайда осы фрагментте түсіріп тастау тәсілімен жеткізілген жоқ.

Түпнұсқа:

R: What are you doing?

P: I've been flying this rig since I was 10 years old.

Аударма:

Р: Не істеп отырсың?

П: Он жасымнан бері осы кемемен ұшып келем

R: I was cybernetically engineered to pilot a spacecraft. P: Мен ұшқыш болу үшін кибернетикалық өңдеуден өткем

P: You were cybernetically engineered to be a douchebag [6] П: Сен әпенді болу үшін кибернетикалық өңдеуден өткенсің [7].

Ұсынылған үзіндіде Соверейн жасағынан Галактика сақшылары құтылу кезінде Питер мен Рокеттің ұшатын кемеңің басқару тетігіне жармасуы барысындағы қақтығыс көрсетілген. Серіктеске деген сатираны Питердің Рокетке айтқан ілікпе сөзінен байқауға болады. Бірінші сөйлемнен «сен» есімдігінің түсіп қалғаны көрінеді. Сонымен қоса, тура аудармада «құрылғы» деген мағынаны беретін «rig» сөзі тәржімелеу кезінде нақтылау әдісімен «кеме» сөзіне алмасты. Ал «to pilot» етістігі «ұшқыш» болып субстантивтеніп, «spacecraft» лексемасы түсіріп тасталды. Аталмыш диалогта Питердің соңғы ілікпе сөзіндегі «әпенді» лексемасы өзіне назар аудартады. Сөздің этимологиясына тоқталсақ, грек тілінен шыққан, «аңқау», «мырза» деген мағыналарды білдіреді. Ал, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «ойына не келсе, соны айта салатын алаңғасар» деген анықтама берілген. Түпнұсқа тіліндегі «douchebag» тіл бірлігі бейәдеп сөз болып табылады және оның тікелей аудармасы «нақұрыс», «сілімтік», «топас», «ақымақ» сынды дәрекі зат есімдер. Аудармашы қазақ халқының діліне сай, F. Мұстафин, Ә. Қалмырзаев секілді жазушылар қолданған эвфемизмді іріктеп алды. Алайда, осыған байланысты жоғарыдағы сөйлемдегі әзіл-оспақ байқалмайды. Себебі, қазақ халқының көбісі «әпенді» сөзінің мағынасын түсіне бермейді. Сондықтан, әдеби нормаларға, ділімізге сәйкес келмесе де, әзілдің мәнісін сақтау мақсатында «әпенді» сөзінің орнына «ақымақ» лексемасын ұсынар едім.

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау нәтижелері әр халықтың мәдени бейнесіндегі әзіл әртүрлі сипатқа ие болатынын көрсетеді. Біздің қарастыруымызша, аталмыш жанрдағы фильмдерді бір тілден екінші тілге аудару үдерісінде «әзіл» категориясының өзіндік аударылу ерекшеліктерін келесідей тануға болады. Біріншіден компенсация, жалпылау, түсіріп тастау секілді әдіс-тәсілдер жұмсалған, сол себепті аударма прагматикасы жоғары деңгейде. Екіншіден, дубляждау кезіндегі кейіпкерлердің эмоционалдық күйінің берілуі нәтижесінде сюжет толыққанды көрерменге жеткізілген. Дегенмен, аталған жетістіктерден басқа кейбір мәселелер де туындайды. Атап айтқанда, дубляждау кезінде кейіпкерлердің артикуляциясын мәтінмен сәйкестендіру үшін, мәтінді бұрмалау, аудармасынан алыстау біршама орын алған. Сонымен қоса, түпнұсқа тіліндегі қара әзілдерде бейәдеп сөздер басым және оларды ділімізге сай аудару барысында әзіл-оспақтың мағынасы жоғалатындығы байқалады. Осыған қарамастан аудармашылар түпнұсқа тіліндегі ирония, сарказм, сатира сынды әзіл түрлерін аударма тіліне прагматикасы жағынан жоғары деңгейде жеткізе білген.

Пайдаланған деректер тізімі:

1. Слышкин, Г.Г. Кинотекст (опыт лингвокультурологического анализа) [Текст] / Г.Г. Слышкин, М.А. Ефремова. - М. : Водолей Publishers, 2004. - 153 с.
2. Райс, К. Классификация текстов и методы перевода // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. - М. : 2002. - С. 202–228.

3. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. Том четвертый. Тип. М.О. Вольфа, 1882. - 712 с. (688с.)
4. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AE%D0%BC%D0%BE%D1%80>
5. [http://www.psychologos.ru/articles/view/yumor\]](http://www.psychologos.ru/articles/view/yumor)
6. <https://fenglish.ru/movie/guardians-of-the-galaxy-vol-2/>
7. <https://kinokor.kz/movies/material/id/12>

Мақалада «әзіл» категориясының ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу нысаны ретінде америкалық «Галактика сақшылары 2» фильміндегі әзіл-оспақ лексикасы алынды. Мақалада әзілдің анықтамасы, жіктелуі, Америка мен Қазақстандағы әзіл түсінігі туралы сөз қозғалады. Автор әзіл-оспақтың прагматикасын, барабарлығын толыққанды жеткізу үшін қолданылған әдіс-тәсілдерге талдау жасап, өз ұсыныстарын береді.

Түйін сөздер: кино тілі, әзіл-оспақ аудармасы, «Галактика сақшылары 2» фильмі, бейәдеп лексика.

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА КАТЕГОРИИ «ЮМОР» В ФИЛЬМЕ “СТРАЖИ ГАЛАКТИКИ 2”

Жакен К.Е.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан

В статье рассмотрены особенности перевода категории «юмор» с английского на казахский язык. В качестве объекта исследования взята юмористическая лексика из американского фильма "Стражи Галактики 2". В статье речь идет об определении, классификации юмора, понятии юмора в Америке и Казахстане. Автор дает свои рекомендации, анализируя методы, использованные для полноценного передачи прагматики, адекватности юмора.

Ключевые слова: язык кино, перевод юмора, фильм "Стражи Галактики 2", ненормативная лексика.

FEATURES OF THE TRANSLATION OF THE CATEGORY "HUMOR" IN THE FILM "GUARDIANS OF THE GALAXY VOL.2"

Zhaken K.E.

[L. N. Gumilyov Eurasian National University](http://www.eurasian-nu.edu.kz), Republic of Kazakhstan

The article discusses the features of the translation of the category "humor" from English into Kazakh. The object of research is humorous vocabulary from the American film "Guardians of the Galaxy Vol. 2". The article deals with the definition, classification of humor, the concept of humor in America and Kazakhstan. The author gives his recommendations, analyzing the methods used to fully convey pragmatism and the adequacy of humor.

Keywords: language of cinema, translation of humor, film "Guardians of the Galaxy Vol. 2", profanity.

МОТИВЫ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ДОСТОЕВСКОГО И АКУТАГАВЫ

Байтурина У.К.

докторант первого года обучения

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, Казахстан

u.baiturina@mail.ru

Научный руководитель – Уразаева К.Б.

д.ф.н., профессор

kuralay_uraz@mail.ru

Типология сюжетов, образов, проблематики в творчестве Ф. Достоевского и Р. Акутагавы обусловила их сопоставление как одно из актуальных направлений в